

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің»  
«№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

**Мектепке дейінгі жастағы  
балаларды тәрбиелеу мен оқыту барысында қолданылатын  
вариативтік компонент-1 (36 сағат)  
«Ертегілер елінде»  
Ортаңғы №4 «Өркен» тобы**

Топ тәрбиешісі: Есмағамбетова А.Т.  
Нурумова Г.У.

2021-2022 оқу жылы

«Келісілді»  
№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы  
ҚМЖК әдіскер  
 Сұлтанғалиева Г.К.



«Бекітілді»  
№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы  
ҚМЖК меңгерушісінің у.м.а:  
 Бағытжанова Б.С.

**Мектепке дейінгі жастағы  
балаларды тәрбиелеу мен оқыту барысында  
қолданылатын  
вариативтік компонент-1 (36 сағат)  
«Ертегілер елінде»  
Ортаңғы №4 «Өркен» тобы**

Топ тәрбиешісі: Есмағамбетова А.Т.  
Нурумова Г.У.

**Мақсаты:** Балалардың сөздік және ұйқастырып сөйлеу ойындарынан рахаттануы, таныс ертегілерді сахналауға қатысу ниетін білдіруі. Баланың «өзі көрген, білетін» ертегі, әңгіме, мультфильм кейіпкерлерін еркін әңгімелерінде айтып беруін, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

Баланы құрдастары айтқан ертегілерді тыңдауға ынталандыру.

–Баланың қызығушылығына сәйкес әрекеттерге арнайы уақыт бөлу.

–Суретті кітаптармен, ертегілерді қолдану, ол суреттерге сүйене отырып әңгімелеп беруін сұрау.

**Күтілетін нәтиже:**

Ертегілерді ажырата алады.

Ертегілерді эмоционалды қабылдайды.

Сурет бойынша таныс ертегілерді атайды, олар бойынша сұрақтарға жауап береді.

Ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық танытады.

Ертегілердегі жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата біледі.

## Түсінік хат

Ертегілер әрқашанда қазақ халқының өмірінде маңызды рөл атқарып келген. Себебі, ертегілердің мазмұнында халықтың тұрмыс тіршілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, бүкіл болмысы, адамдардың өзара қарым-қатынасы, мінез-құлқы т.б. бейнеленген. Ұрпақ тәрбиесінде ең тиімді тәрбие құралы ретінде ертегілер тілі жеңіл, түсінуі оңай болғандықтан, ертегілердің балаларға Отансүйгіштік, еңбексүйгіштік, т.б. тәрбиелер беруде ғана емес, олардың тілін дамытуда да атқарар қызметінің маңызы өте зор. Ертегілер балалардың ой-өрісін жетілдіріп, Отанын сүйуге, елін қорғауға, өнерді игеруге, жалпы адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге септігін тигізеді. Сонымен қатар баланың сөздік қорында молайтуда қызметі өте зор. Ой өрісі дамып, сөздік қоры молайған баланың айтар ойы да, істер ісі де өнегелі болмақ. Демек, ертегі оқу арқылы балалардың тілдері дамып, сөздік қоры молаяды.

Тақырыбы	Мақсаты	Қажетті	Әдіс -	Сағат	Күні
----------	---------	---------	--------	-------	------

		<b>көрнекі құралдар</b>	<b>тәсілдері</b>	<b>саны</b>	
<b>«Ертегілер әлеміне» саяхат.</b>	Балаларды театр әлемімен таныстыру.Ертегі мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға , олар жайлы айтуға, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу. Ертегі кейіпкерлерінің бейнесімен жақсы қарым-қатынасты үлгі ету.	Суреттер, ертегі кейіпкерлері.	Түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, сұрақ-жауап.	1	
<b>«Түлкі мен ғырна» ертегісі.</b>	Ертегіні оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. Достық қатынасты бағалай білуге баулу. Достаса білуге, адал достыққа тәрбиелеу.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.	Оқып беру, түсіндіру, сұрақ-жауап.	1	
<b>«Түлкі мен ғырна» ертегісін көлеңке театры арқылы көрсету.</b>	Ертегіні көлеңке театры арқылы көрсетіп, кейіпкерлердің әрекеттеріне баға беруге көмектесу.	Ертегі кейіпкерлерінің макеті.	Көрсету, әңгімелеу.	1	
<b>«Түлкі мен ғырна» ертегісін сахналау.</b>	Ертегіні сахналау барысында, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізе білуге үйрету.	Ертегінің атрибуттары.	Көрсету, сахналау.	1	
<b>«Бауырсақ» ертегісі.</b>	Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалауға, кейбір адамгершілік қасиеттерге (түлкі-қу) сипаттама бере білуге үйрету.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.	Оқып беру, түсіндіру, сұрақ-жауап.	1	
<b>«Бауырсақ» ертегісінің мультфильмін карау.</b>	Ертегіні көрсету арқылы ,балалардың қызығушылығын ояту.Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Теледидар, таспа.	Көрсету, сұрақ-жауап.	1	
<b>«Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін бояту.</b>	Ертегіні естеріне түсіру арқылы ертегі кейіпкерлерін бояу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Қағаз, қарандаш	Көрсету, түсіндіру.	1	
<b>«Бауырсақ» ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету.</b>	Ертегіні естеріне түсіру,тіл байлықтарын молайту.Ертегінің мазмұнын дауыс ырғағымен келтіре айтуға жаттықтыру.	Ертегі кейіпкерлерінің макеті.	Көрсету, әңгімелеу, сұрақ-жауап	1	
<b>«Шалқан» ертегісі.</b>	Балаларды ертегіні зейін қойып ,аяғына дейін тыңдауға үйрету.Балаларды еңбекке, татулыққа тәрбиелеу.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.	Оқып беру, түсіндіру, сұрақ-жауап.	1	
<b>«Шалқан» ертегісінің суретін бояту.</b>	Шалқан ертегісін естеріне түсіру арқылы ертегі кейіпкерлерін бояу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту	Қағаз, қарандаш	Көрсету, сұрақ-жауап.	1	

«Шалқан» ертегісінің мультфильмін көрсету	Шалқан ертегісін көрсете отырып, балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке баулу.	Теледидар, таспа.		1	
«Шалқан» ертегісін сахналау.	Ертегіні сахналау барысында ,ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін , қимыл-қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету.	Ертегі кейіпкерлерін ің атрибуттары.	Көрсету, сахналау.	1	
"Маша мен аю" ертегісі.	Ертегіні оқып беріп, ертегі мазмұнын түсінуге , кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға көмектесу.	Ертегі кейіпкерлерін ің суреттері.	Оқып беру, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.	1	
«Маша мен аю» ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін бояу.	Балалардың бояу дағдыларын қалыптастыру, қызығушылықтарын арттыру. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.	Ертегі кейіпкерлерін ің суреттері, түрлі түсті қарындаштар	Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап.	1	
«Маша мен аю» ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету.	Ертегіні үстел үстел театры арқылы көрсете отырып, балалардың сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Сұрақ- жауап арқылы тілдерін дамыту.	Ертегі кейіпкерлерін ің макеті.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.	1	
«Маша мен аю» ертегісін сахналау.	Балаларға ертегіні сахналау арқылы ,тілдерін, сөйлеу мәнерін қалыптастыру. Есте сақтау қаблеттерін дамыту.Ертегідегі кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын ,сөз мәнерін келтіріп ойнауға үйрету.	Ертегі кейіпкерлерін ің атрибуттары.	Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.	1	
«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі.	Ертегіні оқу,тіл байлықтарын молайту, қиын кезде достарына көмектесе білуге тәрбиелеу.	Ертегі кейіпкерлерін ің суреттері.	Оқып беру,түсіндіру, сұрақ-жауап.	1	
«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісінің суреттерін бояу.	Ертегі суреттерін бояу арқылы ,ертегіні естеріне түсіре отырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту.	Суреттер, түрлі түсті қарындаштар	Көрсету, бояу.	1	
«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету.	Балаларға ертегіні үстел-үсті театры арқылы баяндап айту,сұрақ-жауап арқылы тілдерін дамыту.	Ертегі кейіпкерлерін ің макеттері.	Түсіндіру, әңгімелеу.	1	
«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін сахналау.	Ертегіні сахналау арқылы балалардың ақыл-ойын, қиялын,есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Ертегінің атрибуттары.	Көрсету, сахналау.	1	
«Шұбар тауық» ертегісі.	Балаларға ертегіні айту арқылы сөйлеулерін, тілдерінің дұрыс	Ертегінің суреттері.	Түсіндіру, әңгімелеу,	1	

	жетілуіне ықпал ету.		сұрақ-жауап.		
«Шұбар тауық» ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету.	Ертегіні үстел-үсті театры арқылы көрсете отырып, балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту мен қатар тілін, сөз қорын жетілдіру.	Ертегі кейіпкерлерінің макеті.	Көрсету, әңгімелеу.	1	
«Шұбар тауық» ертегісінің суреттерін бояу.	Ертегіні бояу арқылы балалардың қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту.	Суреттер, түрлі түсті қарындаштар.	Көрсету, бояу.	1	
«Шұбар тауық» ертегісін сахналау.	Ертегіні көрсете отырып, жан-жақты білімдерін кеңейтіп, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Теледидар, таспа.	Көрсету, сұрақ-жауап.	1	
«Мақта қыз бен мысық» ертегісі.	Ертегіні оқып беріп, балалардан мазмұнын сұрау. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.	1	
«Мақта қыз бен мысық» ертегісін саусақ театры арқылы көрсету.	Ертегі туралы білімдерін толықтыру. Сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп өз ойларын жеткізуге дағдыландыру.	Ертегі кейіпкерлерінің макеті.	Көрсету, әңгімелеу.	1	
"Мақта қыз бен мысық" ертегісін үстел-үсті театры арқылы көрсету.	Балалардың сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларды еңбекке, татулыққа тәрбиелеу.	Ертегі кейіпкерлерінің макеті.	Көрсету, әңгімелеу, сұрақ-жауап.	1	
«Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналау.	Ертегіні рөлдерге бөліп ойнатып, тілдерін дамыту. Үй жануарлары жайында түсініктерін толықтыру.	Ертегі кейіпкерлері атрибуттары.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, қорытынды.	1	
"Үйшік" ертегісі.	Ертегіні тыңдап, өз түсінігін жүйелі айта білуге баулу. Балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.	Оқып беру, түсіндіру, сұрақ-жауап.	1	
"Үйшік" ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету.	Ертегінің мәнін ықыласымен тыңдауға баулу, ойларын тиянақтау, сөздік қорын байыту, жақсылық жасауға тәрбиелеу.	Ертегі кейіпкерлерінің макеті.	Көрсету, әңгімелеу.	1	
"Үйшік" ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін жапсыру.	Аңдар туралы білімдерін нақтылау. Олардың мекені туралы түсінік беру. Жапсыру реттілігін қалыптастыру. Жапсыруды талғаммен орындай білуге тәрбиелеу.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері, қағаз, желім, сүрткіш.	Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап.	1	
«Үйшік» ертегісін сахналау.	Ертегіні рөлдерге бөліп ойнатып, тіл байлықтарын молайту, адамгершілікке, достыққа	Ертегі кейіпкерлерінің	Түсіндіру, көрсету, әңгімелеу,	1	

	тәрбиелеу.	атрибуттары.	сұрақ-жауап.		
«Қызыл гелпек» ертегісі.	Ертегінің мазмұнын түсінуге, ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың іс-әрекеттерін талдауға үйрету.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.	Оқып беру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.	1	
«Қызыл гелпек» ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету.	Ертегіні көрсете отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздерді анық айтуға дағдыландыру.	Ертегі кейіпкерлерінің макеттері.	Көрсету, әңгімелеу.	1	
«Қызыл гелпек» ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін жапсыру.	Балаларға ертегіні әңгімелей отырып, кеңістікті дұрыс бағдарлай білуге үйрету. Жапсыру реттілігін түсіндіру және жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері, қағаз, желім, сүрткіш.	Көрсету, әңгімелеу.	1	
«Қызыл гелпек» ертегісінің мультфильмін қарау.	Ертегіні көрсете отырып, ертегінің мазмұнын түсінуге, әрекеттерін бағалауға көмектесу.	Теледидар, таспа.	Ертегіні тамашалау, сұрақ-жауап.	1	

Барлығы - 36 сағат

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1.Көркем әдебиет. Хрестоматия. Жекенова С.Б. Тұрғынбаева Қ.А  
Аршинбаева С.И. Әлиасқарова А.М.

2.Көркем әдебиет. Хрестоматия 3-4 жас Сейткужина Б.Б.